

12 Наурыз  
Бейсенбі,  
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru  
Kokjar\_tynysy

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады

# Ойыл

## ЖЕДЕЛХАТ

### ХАЛЫҚПЕН ДИАЛОГ – КОАЛИЦИЯНЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ КОАЛИЦИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫН ЖҮЙЕЛІ ӨРІ АУҚЫМДЫ ЖҮРГІЗІП КЕЛЕДІ. «ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫ ҮШІН!» АУДАНЫ ҚОАЛИЦИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ТҮРҒЫНДАРЫМЕН ТЕРЕҢ ЖӘНЕ ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС ОРНАТУ ЖОЛЫНДА ІРГЕЛІ ЖҰМЫС АТҚАРЫП КЕЛЕДІ. ЖЕЛІЛІК КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН КЕЗДЕСУЛЕР МЕН ШАРАЛАР АУДАН ХАЛҚЫНЫҢ БАРЛЫҚ ЖАСТАҒЫ, БАРЛЫҚ САЛА ӨКІЛДЕРІН ҚАМТЫП, ҚОҒАМДАҒЫ АШЫҚ ПІКІР АЛМАСУ АЛАҢЫН НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА БІРНЕШЕ АПТА ҚАЛҒАН ОСЫ КЕЗЕҢДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ КОАЛИЦИЯНЫҢ МАҚСАТҚА БАҒЫТТАЛҒАН, ЖҮЙЕЛІ ІС-ӨРЕКЕТІНІҢ АЙҚЫН ДӘЛЕЛІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.




#### «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!»

Ойыл ауданының аудандық коалициясы.  
16 ақпан – 11 наурыз 2026 жыл

##### ІС-ШАРА ФОРМАТТАРЫ



##### ІС-ШАРА ФОРМАТТАРЫ



##### ҚАМТЫЛҒАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

Ойыл • Көптоғай • Амангелді • Қаратал • Қарасу • Қаракөл • Құмжарған • Сарбие • Кемер • Ақкемер • Шікудық • Бестамақ • Шұбарши • Қонырат • Ақжар • Қараой • Кубасай

##### ҚАМТЫЛҒАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕР

Ойыл • Көптоғай • Амангелді • Қаратал • Қарасу • Қаракөл • Құмжарған • Сарбие • Кемер • Ақкемер • Шікудық • Бестамақ • Шұбарши • Қонырат • Ақжар • Қараой • Кубасай

#### ЖҮЙЕЛІ ЖОСПАР – НАҚТЫ НӘТИЖЕ

16 ақпаннан 11 наурызға дейінгі кезеңге жүргізілген талдау коалиция жұмысының жоспарлы, мазмұнды әрі нәтижелі сипатта ұйымдастырылғанын толық растайды. Желілік кесте бойынша аталған кезеңде аудан көлемінде 63 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, 5 465 тұрғын қамтылды. Бұл – аудан тарихында бұрын-соңды болмаған ауқымды ақпараттық науқанның айқын көрсеткіші.

Жүргізілген іс-шаралардың ішінде 24 «Есіктен-есікке» акциясы ерекше орын алады — бұл барлық шаралардың шамамен 38 пайызы. Коалиция мүшелері ауыл тұрғындарының үйлеріне арнайы барып, жаңа Конституцияның негізгі бағыттарын жеке өңгімелесу арқылы түсіндірді. Мұндай тікелей диалог форматы халықты сенімін нығайтуда, олардың сұрақтарына жауап беруде ең тиімді тәсіл ретінде тіркелді. Осы акциялар арқылы жалпы 3 360 тұрғын қамтылды — бұл барлық аудиторияның 61 пайызын құрайды.

#### КӨП ФОРМАТТЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫС

Жүргізілген үгіт-насихат жұмыстары бірнеше негізгі форматта жүзеге асырылды, олардың әрқайсысы өз аудиториясына бағытталып, жалпы ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттырды.

Бірінші бағыт – ауыл тұрғындарымен кездесулер. Бұл шаралар жалпы іс-шаралардың шамамен 45–50 пайызын қамтыды. Көптоғай, Амангелді, Қаратал, Қарасу, Қаракөл, Құмжарған, Сарбие, Кемер, Ақкемер, Тайсойған және басқа да елді мекендерде өткен кездесулерде жаңа Конституцияның мазмұны мен маңызы кеңінен түсіндірілді. Мысалы, Кемер ауылындағы бір ғана кездесуде 100-ден астам тұрғын қатысса, Ақжар, Қараой, Кубасай ауылдарындағы кездесулерде де халықтың белсенді қатысуы тіркелді.

Екінші бағыт – еңбек ұжымдарымен кездесулер. Бұл жұмыстар жалпы шаралардың 25–30 пайызын құрады. Коалиция мүшелері білім беру мекемелері — Ш.Бекмұхамбетов атындағы гимназия, Үл қазақ орта мектебі, Қосембай бастауыш мектебі, «Балдырған» балабақшасы,

психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, музыка мектебі, Ш.Берсиев атындағы өлкетану мұражайы, орталықтандырылған кітапхана жүйесі, спорт ұйымдары (ФОК, ДЮСШ), «Мансап» жастар орталығы, ветеринария станциясы, «Ойыл газ шаруашылығы», коммуналдық мекемелер және ЦОН филиалы ұжымдарымен жүздесті. Үшінші бағыт – экспромт-кездесулер. «Керуен Сарай» сауда үйі, «Сапаржай» ғимараты және басқа қоғамдық кеңістіктерде өткізілген мұндай кездесулер тұрғындармен еркін форматта пікір алмасуға мүмкіндік берді. Бұл формат кездейсоқ аудиторияны қамтуға және ақпараттық жұмыстың ауқымын одан әрі кеңейтуге ықпал етті.

#### КОАЛИЦИЯ – БІЛІМДІ, ТӘЖІРИБЕЛІ, ЖАН-ЖАҚТЫ

Коалицияның жұмысқа деген жоғары сапасы оның мүшелерінің кәсіби және қоғамдық деңгейімен тығыз байланысты. Аудандық штаб 20 мүшеден тұрады, олардың барлығы — 100 пайызы қазақ ұлтының өкілдері, барлығы жоғары білімді мамандар.

Жас құрамы жағынан коалиция кең диапозонды қамтиды: мүшелердің 40 пайызы 51 жасдан асқан тәжірибелі мамандар мен қоғам қайраткерлері, ал 35 пайызы әйелдер, бұл коалицияның гендерлік тепе-теңдікке ұмтылысын айқындайды. Кәсіби тұрғыдан мүшелер арасында білім, ауыл шаруашылығы, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары, үкіметтік емес ұйымдар, кәсіпкерлік, спорт салаларының өкілдері бар. Коалиция ішінде маслихат депутаттары (4 адам, оның ішінде 1 маслихат хатшысы) және партиялық ардагерлер де белсенді орын алады.

Коалиция мультипартиялық сипатқа ие: оның құрамында «AMANAT» партиясының өкілдерімен қатар «Ауыл» партиясы мен «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен ветерандар ұйымдарының өкілдері де бар. Бұл — коалицияның азаматтық қоғамның кең ауқымды бірігуін бейнелейтінін растайды.

#### ГЕОГРАФИЯСЫ КЕҢ, АУҚЫМЫ ЗОР ЖҰМЫС

Үгіт-насихат шаралары аудан орталығымен ғана шектелмей, барлық аудандық округтерде жүйелі жүргізілді.

Жұмыс жоспары бойынша ақпан айының ортасынан наурыздың ортасына дейін аптасына жаңа елді мекендер қамтылып отырды.

Ақпан айының екінші жартысында Көптоғай, Амангелді, Шұбарши ауылдарынан басталған шаралар науқаны Ақжар, Қараой, Қаратал, Қарасу, Қаракөл, Құмжарған ауылдарына жалғасты. Наурыз айында Сарбие, Сапақкол, Тайсойған ауылдарына, Кемер, Ақкемер, Шікудық, Бестамақ елді мекендеріне де барылып, ақырында Қонырат ауылымен жұмыс аяқталды. Мұнан өзге, аудан орталығы Ойыл ауылында үнемі күнделікті іс-шаралар жалғасып отырды.

Бұл — ақпараттық жұмыстың аудан көлемінде тең, жүйелі және географиялық жағынан жан-жақты жүргізілгенін айқын дәлелдейді. Ешбір ауыл, ешбір округ назардан тыс қалған жоқ.

#### ҚОҒАМНЫҢ БАРЛЫҚ ТОПТАРЫ ҚАМТЫЛДЫ

Коалиция жұмысының ерекше бір артықшылығы — оның белгілі бір топпен ғана шектелмей, қоғамның барлық страта деңгейін қамтуы. Ауыл тұрғындары мен мұғалімдер, мәдениет және өнер өкілдері мен спортшылар, кәсіпкерлер мен студент-жастар, әлеуметтік сала мамандары мен көпбалалы аналар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен зейнеткерлер — барлығы ортақ пікірталас алаңына шақырылды.

Атап айтқанда, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен көпбалалы аналармен арнайы кездесу өткізіліп, олардың жаңа Конституциядағы әлеуметтік кепілдіктерге қатысты сұрақтарына жауаптар берілді. Студент жастармен Үл ауданының ауыл шаруашылығы колледжі мен «Мансап» орталығында жекеше диалог жүргізілді. Ветеранлар мен зейнеткерлермен тікелей үйлеріне барып кездесу «Есіктен-есікке» акциясы барысында жүзеге асырылды.

#### «ЕСІКТЕН-ЕСІККЕ» — ХАЛЫҚПЕН ТІКЕЛЕЙ ДИАЛОГТЫҢ ТИІМДІ ТӨСІЛІ

Жеті апталық науқан бойынша «Есіктен-есікке» акциясы аудан тұрғындарымен тікелей байланыс орнатудың ең тиімді тетігі болды. Коалиция мүшелері ауыл ақсақалдарының, еңбек ардагерлерінің, жас отбасылар мен жалғызба-

сты зейнеткерлердің үйлеріне арнайы барды. Жеке форматтағы өңгімелесу кезінде азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары мұқият тыңдалып, кез-келген сұраққа дереу жауап берілді.

Акция Ойыл ауылынан Сарбие, Кемер, Ақкемер, Тайсойған, Кубасай, Шұбарши, Қарасу, Қонырат сияқты шалғай ауылдарға дейін жеткізілді. Нәтижесінде тек осы бір ғана форматтың өзінде 3 360 тұрғын қамтылды — бұл жалпы аудиторияның 61 пайызы. Акция тек санды ғана емес, сапалы нәтиже де берді: азаматтардың референдумға деген хабардарлығы мен белсенді қатысуға деген ынтасы айтарлықтай өсті.

#### АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ АРТТЫРУ — СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ

Жүргізілген жұмыстардың басты мақсаты — жаңа Конституцияның мазмұнын түсіндіру ғана емес, сонымен бірге азаматтардың қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысу мәдениетін қалыптастыру. Коалиция мүшелері өткізген барлық кездесулерде тұрғындардың пікірлері тыңдалып, сұрақтарына жауап берілді — бұл өз кезегінде қоғамда ашық диалог мәдениетін нығайтуға ықпал етті.

Коалицияның жаңа Конституция жобасын түсіндіру жұмысы да жан-жақты болды. Кездесулерде атап өткен тақырыптар: еңбек құқықтары мен кәсіподақ кепілдіктері, азаматтардың білім, денсаулық сақтау және тұрғын үй құқықтары, кәсіпкерлікті қолдау мен ауыл шаруашылығын дамыту бағыттары, жастар мен студенттердің мүдделері, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен зейнеткерлердің әлеуметтік қорғалу мәселелері — бұлардың барлығы нақты мысалдармен, жеңіл тілде, халыққа жақын форматта жеткізілді.

#### ҚОРЫТЫНДЫ: ТАРИХИ МАҢЫЗЫ БАР ЖҰМЫС

11 наурызға дейінгі кезеңде Ойыл ауданында жүргізілген үгіт-насихат жұмыстарының нәтижесі коалиция қызметінің жүйелі, ауқымды және жоғары сапада ұйымдастырылғанын толық дәлелдейді. 63 іс-шара, 5 465 қамтылған тұрғын, 24 «Есіктен-есікке» акциясы — бұл тек сандар емес, бұл нақты адамдардың нақты пікірлері мен жалпы халықтық іс-қимылдың айқын белгісі.

Мүшелерінің барлығы жоғары білімді, 100 пайызы қазақ ұлтының өкілдері болып, мультипартиялық негізде жұмыс істейтін аудандық коалиция — аудан тұрғындарының ортақ мүддесін ортақ іспен жүзеге асыратын азаматтық бірлестіктің үлгісі.

Осы жұмыстар арқылы қоғамда референдумға қатысты хабардарлық арта түсті, азаматтардың саяси белсенділігі өсті, ел болашағына қатысты маңызды шешім қабылдау үдерісіне халықтың белсенді қатысуына жол ашылды.

Ойыл ауданының коалициясы — бүгінгі Қазақстанның жаңа беттің оң жаққа қарай ашылып жатқандығының тірі куәгері. Жаңа Конституция — тек заң жинағы ғана емес, бүкіл халықтың жаңа болашаққа деген жалпы ынтымағы мен бірігу рухының белгісі.



#### Құрметті Асқар Қайырғалиұлы!

7 ақпанда жазушы Табыл Құлыястың таңдамалы шығармаларының VI томдығының тұсаукесер рәсіміне Ойыл ауданынан арнайы өкіл жіберіп, қолдау көрсеткеніңізге отбасымының атынан зор алғысымды білдіремін.

Өмірінің соңғы кездеріне дейін, Ойылы есінен кетпей, «Ойымдағы Ойылым» кітабын жазып қалдырған, кең байтақ Отанымыздың қай жерінде

еңбек етсе де, Ойылы ойынан бір сәт кетпеген жазушы кең байтақ еліміздің бір бөлшегі туған жерін Алты Алашқа таңытты. Ойыл жері-құт мекен! Керемет тұлғалар шыққан Ойылдан 21 ғасырда Қазақ Еліне әйгілі тұлғалар шықсын! Ойыл жері алдағы уақытта әлеуметтік ахуалы өркендеп, экономикасының қарқынды дамуына тілкетеспіз!

Ізгі тілекпен,  
Табыл Құлыястың отбасы

#### РЕФЕРЕНДУМ

### «ДАУЫС БЕРУ УЧАСКЕСІН ҚАЛАЙ ТАБУҒА БОЛАДЫ?»

2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумда дауыс беру үшін Қазақстан Республикасының азаматтары өз учаскесін келесі тәсілдер бойынша таба алады:

1. Egov mobile, екінші деңгейлі банктер (Kaspi Bank, Halyk Bank) және байланыс операторларының SMS-хабарламалары сияқты ресми дереккөздерден жіберілетін сілтемелер арқылы немесе төменде жарияланған

QR-кодты сканерлеу арқылы азаматтар сайттың арнайы бөліміне өтіп, онда ЖСН енгізу арқылы өз референдум учаскесін анықтай алады.

2. Тұрғылықты жері бойынша тиісті елді мекен әкімдігінің Call-орталығына хабарласып, дауыс беру учаскесі туралы ақпаратты нақтылауға болады. Call-орталықтардың нөмірлері әкімдіктердің интернет ресурстарында қолжетімді. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

#### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫ

#### ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯНЫҢ ЖОБАСЫН ҚОЛДАЙҒЫН!



Жаңа Конституция жобасы ұлттық егемендікті және халық билігінің бастапқы қағидаларын нақты бекітуге бағытталған. Құжатта халық – мемлекеттік биліктің ең жоғарғы бастауы және егеменді құқықтың иесі ретінде айқын жазылғаны маңызды.

Бұл демократиялық жүйені тереңдетуге мүмкіндік береді. Халықтың өз билігін референдум мен еркін сайлау арқылы жүзеге асыруы конституциялық деңгейде кепілденеді. Сонымен қатар жаңа жоба халықтың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтеді. Бұл – тұрақты қоғам құрастырудың маңызды шарты.

Азаматтардың тікелей қатысуы мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты күшейтеді. Бұл қоғамдағы сенімді нығайтуға ықпал етеді. Әр адамның пікірі маңызды екенін көрсету — демократия қағидатының көрінісі. Сондықтан мен бұл құжатты дұрыс және уақтылы деп санаймын. Референдум болса, қоғам өз таңдауын айқын білдірмек. Бұл – елдің болашағы үшін жауапты қадам.

Исатай БЕРҒАЛИЕВ,  
Ойыл аудандық коалиция мүшесі, «AMANAT» партиясы Партиялық бақылау комиссиясының төрағасы.

**EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЖӘНЕ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫНДА КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ОНЛАЙН ТІРКЕУ: АВТОКӨЛІК ИЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР**

eGov.kz электронды үкімет порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында автокөліктерді тіркеуге қатысты бірқатар мемлекеттік қызметтер онлайн форматта қолжетімді. Пайдаланушылар ресми дилерден сатып алынған автокөлікті тіркеуге қоя алады, меншік иесі өзгермеген жағдайда техникалық паспорт пен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін (МТНБ) ауыстыра алады, сондай-ақ меншік құқығы ауысқан кезде көлік құралын сатып алу-сату рәсімін электрондық түрде ресімдей алады. Ресми дилерлерден сатып алынған автокөліктерді бастапқы тіркеу Енді Қазақстанда өндірілген автокөлікті бастапқы тіркеуден өткізу онлайн жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта бұл мемлекеттік қызмет еліміз бойынша 100-ден астам ірі дилерлік орталықта қолжетімді. Олардың қатарында «Aster Auto» ЖШС, «Terra Motors Astana» ЖШС, «Allur Motor Qazaqstan» ЖШС, «Hyundai Auto Almaty» ЖШС, «Mycar Astana» ЖШС және басқа да автосалондар бар. Сонымен қатар, интеграциялық сервиске қосылуына қарай онлайн ресімдеу мүмкіндігі бар автосалондар тізімі кезек-кезеңімен кеңейтілуде. Қызметті алу үшін сатып алушы автосалонда автокөлікті таңдап, сатып алу-сату шартын ресімдейді. Одан кейінгі тіркеу рәсімі қашықтан, автосалонға қайта баруды талап етпей жүзеге асырылады. Дилер өтінім жолдағаннан кейін сатып алушы eGov.kz порталындағы жеке кабинетіне хабарлама алады немесе eGov Mobile қосымшасы арқылы push-хабарлама түседі. Пайдаланушы деректердің дұрыстығын тексеріп, ұсы-

нылған нұсқалар арасынан мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін таңдайды және өтінімді қолданыстағы тәсілдердің бірімен растайды. Осылайша тіркеудің негізгі кезеңдері онлайн форматта орындалады. Пайдаланушылардың ыңғайлылығы үшін МТНБ таңдау нұсқаларының тізбесі де кеңейтілді. Қызмет көрсету мерзімі – 2 сағатқа дейін. Дайын құжаттар мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілері таңдалған мамандандырылған ХҚКО-дан беріледі. Техникалық паспорт пен мемлекеттік нөмірді ауыстыру 2026 жылдың басында мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін онлайн таңдау қызметі іске қосылып, автокөлік иелері арасында кең сұранысқа ие болды. Енді меншік иесі өзгермеген жағдайда техникалық паспорт пен мемлекеттік нөмірді ауыстыру мемлекеттік қызметі де онлайн форматта қолжетімді. Өтінім берілген кезде жүйе көлік құралын айыппұлдар мен ауырталықтардың бар-жоғына автоматты түрде тексереді. Қызмет бір сағат ішінде көрсетіледі. Көлік құралына қатысты шектеулер болған жағдайда, оның ішінде кепілде тұрған немесе өзге де кедергі келтіретін мән-жайлар анықталса, онлайн ресімдеу мүмкін болмайды. Мұндай жағдайда тіркеу әрекеттері мамандандырылған ХҚКО-ға жеке жүгіну арқылы жүзеге асырылады. Азаматтар арасындағы автокөлікті сатып алу-сату Сондай-ақ eGov.kz порталында және eGov Mobile мобильді қосымшасында жеке тұлғалар арасында көлік құралын сатып алу-сату шартын электрондық форматта ресімдеу мүмкіндігі іске асырылды.

Бұған дейін бұл мүмкіндік жекелеген банктердің сервистері аясында, нақты қаржы ұйымдарының клиенттері үшін ғана қолжетімді болатын. Енді сервис мемлекеттік қызметтер деңгейінде интеграцияланып, мәмілені ресімдеудің бірыңғай цифрлық процесін қамтамасыз етеді. «Бұған дейін ҚР Ішкі істер министрлігінің қолдауымен ірі банктердің мобильді қосымшаларында азаматтар арасында автокөлікті онлайн ресімдеу қызметі сәтті іске қосылған болатын. Енді цифрлық сервистер тіркеу үдерісінің толық циклін қамтиды: автосалоннан жаңа көлік сатып алудан бастап, әртүрлі банктердің клиенттері арасындағы мәмілелерге дейін, сондай-ақ техникалық паспорт пен мемлекеттік нөмірді ауыстыру қызметтерін де біріктіреді. Бұл сәуір айынан бастап мамандандырылған ХҚКО-ларға бару санын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді», – деп атап өтті Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму бірінші вице-министрі Ростислав Конашкин. Көлік құралдарын тіркеу саласындағы онлайн сервистерді дамыту азаматтар мен бизнес үшін рәсімдерді жеңілдетуге, офлайн өтініштер санын азайтуға және тіркеу әрекеттерінің ашықтығын арттыруға бағытталған. Жаңарту Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Мемлекеттік қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысы аясында жүзеге асырылды.

**Анар МАГЗУМОВА, «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.**

**ОНЛАЙН РЕГИСТРАЦИЯ ТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ НА EGOV.KZ И В EGOV MOBILE: НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ АВТОВАЛАДЕЛЬЦЕВ**

На портале электронного правительства eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile доступны онлайн-услуги по регистрации автомобилей. Пользователи могут поставить на учет авто от официального дилера, заменить техпаспорт и госномер без смены владельца, а также оформить куплю-продажу при смене собственника, все в онлайн-формате. Первичная регистрация автомобилей от официальных дилеров Теперь первичную регистрацию автомобиля, произведенного в Казахстане, можно оформить онлайн. Сегодня госуслуга доступна уже в более чем 100 крупных дилерских центрах по всей стране, среди них: ТОО «Aster Auto», ТОО «Terra Motors Astana», ТОО «Allur Motor Qazaqstan», ТОО «Hyundai Auto Almaty», ТОО «Mycar Astana» и другие. Вместе с тем, список автосалонов, которым доступно онлайн оформление, расширяется по мере их подключения к публичному интеграционному сервису. Для получения услуги покупателю необходимо выбрать автомобиль в автосалоне и заключить договор купли-продажи. Дальнейшее оформление производится дистанционно – без необходимости повторного посещения салона. После подачи заявления со стороны дилера покупатель получает уведомление в личном кабинете на портале eGov.kz или push-уведомление в мобильном приложении eGov Mobile. Пользователь проверяет сведения, выбирает государственные реги-

страционные номерные знаки (ГРНЗ) из доступных вариантов и подписывает заявление одним из предусмотренных способов. Таким образом, ключевые этапы регистрации проходят онлайн. Также для удобства пользователей расширен перечень доступных вариантов выбора ГРНЗ. Срок оказания услуги составляет до 2 часов. Готовые документы и ГРНЗ подлежат получению в выбранным спецЦОНе. Замена техпаспорта и ГРНЗ В начале 2026 года стала доступна онлайн-услуга по выбору государственных регистрационных номерных знаков, которая быстро набрала популярность среди автовладельцев. Теперь в онлайн-формате запущена госуслуга по замене техпаспорта и госномера без смены владельца. При подаче заявки система автоматически проверяет автомобиль на наличие штрафов и обременений. Услуга оказывается в течение одного часа. Онлайн-оформление недоступно при наличии ограничений, в том числе если транспортное средство находится в залоге либо имеются иные препятствующие факторы. В таких случаях регистрационные действия осуществляются при личном обращении в спецЦОН. Купля-продажа автомобиля между гражданами Также на портале eGov.kz и в мобильном приложении eGov Mobile реализована возможность оформления купли-продажи транспортного средства между физическими лицами в электронном формате.

Данный механизм был доступен преимущественно в рамках отдельных банковских сервисов для клиентов конкретных финансовых организаций. Теперь сервис интегрирован на уровне государственных сервисов и обеспечивает единый цифровой процесс оформления сделки. «Ранее благодаря МВД РК успешно запустили онлайн-оформление продажи автомобилей между гражданами в мобильных приложениях крупных банков. Теперь цифровые сервисы охватывают весь процесс регистрации, начиная от покупки нового авто в автосалонах до сделки между гражданами, включая клиентов разных банков, а также замену техпаспорта и госномеров. Это позволяет уже с апреля значительно сократить количество визитов в спецЦОНЫ», – отметил первый вице-министр искусственного интеллекта и цифрового развития РК Ростислав Конашкин. Развитие онлайн-сервисов в сфере регистрации транспортных средств направлено на упрощение процедур для граждан и бизнеса, сокращение очных обращений и повышение прозрачности регистрационных действий. Услуги реализованы в рамках совместной работы Министерства внутренних дел РК, Комитета государственных услуг Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития РК и АО «Национальные информационные технологии».

**Анар МАГЗУМОВА, Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ».**

**ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ:**

**ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОРҒАНЫС ПЕН ЖИНАҚТЫҢ ҚОС ТЕТІГІ**

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ АРТҚАН САЙЫН ТЕК КӨЛІКТІ ЕМЕС, ӨМІРДІ ДЕ САҚТАНДЫРУҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТА БАСТАДЫ. KAZINFORM АНАЛИТИКАЛЫҚ ШОЛУШЫСЫ МӘСЕЛЕНІҢ МӨНІНЕ ҮНЛІП, ӨМІРДІ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ОНЫҢ ӨЛЕУЕТІН САРАЛАДЫ.**



7 миллионға жуық адам өмірін сақтандырған Денсаулыққа байланысты тәуекелдер, өндірістік жарақаттар немесе жол-көлік оқиғалары адамның табыс көзін күтпеген жерден үзуі мүмкін. Ал жинақты жеткіліксіздігі мен несие міндеттемелері мұндай жағдайда әлеуметтік тәуекелді күшейтеді. Сондықтан сарапшылар өмірді сақтандыруды күтпеген шығыннан қорғайтын маңызды қаржылық құрал ретінде бағалайды. Талдау нәтижесі көрсеткендей, өмірді сақтандыру бағдарламалары мазмұны мен қамту ауқымына қарай әртүрлі болады. Сақтандыру мерзімі, қорғаныс түрлері және жарна мөлшері азаматтың мақсаты мен қаржылық мүмкіндігіне сәйкес таңдалады. Бір шарт аясында сақтандырылушы өзін ғана емес, жақындарын да қамти алады. Нарықтағы ұсыныстарға сәйкес, бір жылдық өмірді сақтан-

дырудың ең төменгі құны шамамен 85 мың теңгеден басталады. Дегенмен нақты баға сақтандыру компаниясына, қамту көлеміне және шарт талаптарына байланысты айқындалады. Қажет болған жағдайда сақтандыру сомасын миллиондаған, тіпті миллиардтаған теңгеге дейін ұлғайтуға болады. «Nomad Life» сақтандыру компаниясының Алматы қаласындағы филиал директоры Мансия Ұзақова депозит пен өмірді сақтандырудың айырмашылығын нақты түсіндіріп берді. Оның айтуынша, депозит – қаражатты көбейтуге арналған жинақ құралы. Ал өмірді сақтандыру бір мезетте екі функцияны атқарады. Ол – бір жағынан қаржылық қорғаныс, екінші жағынан – жүйелі түрде қаражат жинау мүмкіндігі. – Жинақ екі бөліктен құралады: салынған қаражат сақтандырылады, ал екінші бөлігі компанияның инвестициялық

табысынан қалыптасады. Қазақстанда орташа табыстылық жылына шамамен 6-10 пайыз аралығында болуы мүмкін. Оның ішінде кепілдендірілген бөлігі және қосымша сыйақы бар. Мысалы, азамат ай сайын 20 мың теңгеден 10 жыл бойы жинаса, шамамен 4 млн теңге жиналуы мүмкін. Ал егер 20 мың теңгені 15 жыл бойы салса, 6 млн 800 мың теңгеге жуық қаражат қалыптасады. Қазақстан Ұлттық Банкінің деректеріне сүйенсек, ұзақмерзімді инфляция орта есеппен 6-8% шамасында. Егер табыс 8 пайыз болып, инфляция да 8% болса, онда қаражат өзінің құнын сақтайды, бірақ айтарлықтай өсім бермеуі мүмкін. Соған қарамастан, адамдар бұл өнімді таңдайды, себебі ол - тек жинақ емес. Мысалы, сақтандырылған адам екі жыл ішінде 20 мың теңгеден төлеп үлгерсе, қайтыс болған жағдайда оның отбасы шартта көрсетілген толық сақтандыру сомасын алады. Ескерер тұс та бар. Егер ол жалған ақпарат берсе, ауруын жасырып қалса немесе қауіпті жұмыс орнын көрсетпесе төлем берілмейді, – дейді ол. Сонымен қатар маман сақтандырылған тұлға қайтыс болған жағдайда төлем шартта көрсетілген адамға берілетінін атап өтті. Бұл мәселе Қазақстан заңнамасымен нақты реттелген. Егер шартта алушы көрсетілмесе, онда төлем Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес мұрагерлерге беріледі. Қазақстанда сақтандыру төлемдерін қорғайтын арнайы ұйым – Сақтандыру төлем-

деріне кепілдік беру қоры жұмыс істейді. Егер компания лицензиясынан айырылса немесе банкроттыққа ұшыраса, аталған қор клиенттерге тиісті төлемдерді жүзеге асырады. Спикер сақтандыру өнімін таңдауда кәсіби тәуекелдерді ескерудің маңызын да атап өтті. – Үнемі жолда жүретін азамат жол-көлік оқиғасына қатысты өтемақысы бар өнімді таңдағаны дұрыс. Биіктікте жұмыс істейтіндер жазатайым жағдайдан сақтандыруға басымдық беруі керек. Егер күтпеген жағдай болып, өмірге қатер төнесе, сақтандыру компаниясы қаржылай қолдау көрсетеді, – дейді ол. Оның айтуынша, қазіргі таңда Қазақстанда шамамен 7 миллион адам өмірін сақтандырған. – Соның ішінде 100 мыңға жуығы ғана – жинақтаушы ерікті сақтандыру шарттары, яғни адам бұл өнімді саналы түрде өзі таңдаған. Қалған азаматтар өмірін несие рәсімдері кезінде сақтандырған, – дейді спикер. Қазақстан неге қалыс келеді? Нарық көрсеткіштеріне сәйкес, өмірді сақтандыру секторы соңғы жылдары тұрақты өрі қарқынды өсімді көрсетіп отыр. Қаржыгерлер қауымдастығы 2025 жылы сектордың 25%-ға ұлғайып, сақтандыру нарығындағы басты драйверге айналғанын мәлімдеді. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өткен жылы 35 мыңнан астам қазақстандық жалпы сомасы 2,7 млрд теңгеден асатын төлемдер жүргізген. Дегенмен сектордың экономикаға үлесі әлі де көңіл кеншітпейді. 2024 жылы өмірді сақтандыру сыйлықақылары ЖІӨ-нің тек 0,61%-ын алды. Бұл 2014 жылғы 0,19 және 2023 жылғы 0,38 пайыздық көрсеткіштеріне қарағанда

едәуір өсім болса да, дамыған елдермен салыстырғанда төмен деңгейде қалып отыр. Мысалы, Франция, Италия, Швейцария және Ұлыбританияда бұл көрсеткіш 5%-дан асады. Сарапшылар мұны Қазақстанда сақтандыру мәдениетінің енді қалыптасып келе жатқанымен байланыстырады. – Қазақстандықтар сақтандыруға біртіндеп бет бұрып келеді. Себебі сақтандыру жайлы түсінік толық қалыптаспаған. Елде өмірін ерікті түрде сақтандыратындардың үлесі – 0,8%. Салыстырмалы түрде Ресейде – 3, АҚШ пен Канадада – 54, Қытайда – 82, Жапонияда – 95 пайыз, – дейді сақтандыру компаниясының өкілі. Алдағы жылдары сектордың құрылымы мен қызметінде маңызды өзгерістер болуы мүмкін. «Freedom Life» өмірді сақтандыру компаниясының басқарма төрағасы Азамат Ердемов бес жыл ішінде нарықты жаңашылдықтар болуы ықтимал деген пікірде. – Өмірді сақтандыру алдағы уақытта қаржылық жоспарлаудың қалыптасуы әрі қажетті құралына айналады. Ол – депозит пен инвестицияға балама емес, өз логикасы бар қаржылық шешім. Клиент үшін бұл – ең алдымен қорғаныс, тұрақтылық және болашақты жүйелі жоспарлаудың тетігі. Бүгінде тұтынушы жекелеген өнімді емес, нақты өмірлік мақсатты таңдайды. Бұрын шетелге шығу бірнеше бөлек қадамнан тұрса, қазір адам бір ғана кешенді шешімді іздейді. Ол сенімді туристік агенттікті табу ғана. Сосын қалған мәселе автоматты түрде реттеледі. Осы қағида өмірді сақтандыруда да орнығады. Адам сенімді полис алуды, отбасын қорғауды, та-

бысын сақтауды, балаларының болашағын қамтамасыз етуді ойлай бастайды, – дейді Азамат Ердемов. Сақтандыру саласы жаңа заңға сәйкес жұмыс істейді Сарапшылардың пікірінше, егер қазақстандықтар өмірін ерікті түрде жиі сақтандыра бастаса, біріншіден халыққа қаражат жинаудың қосымша тиімді құралы пайда болады. Тағы бір маңызды аспект – сақтандыру компаниялары енді жаңа заңға сәйкес жұмыс істейді. Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Үкіметтің кеңейтілген отырысында елдегі сақтандыру мен бағалы қағаздар нарығы қаржы нарығының небәрі 5 пайызын ғана құрайтынын атап өтті. Ол 1 қыркүйекке дейін сақтандыру мен қор нарықтарын дамыту бағдарламаларын әзірлеуді тапсырды. – Біз, нарық қатысушылары ретінде, Президенттің бастамасын қолдаймыз. Сақтандыру секторындағы реформалар қажеттілігі бұрыннан пісіп-жетілді. Нарыққа дамуың икемді форматтары, жаңа құралдар, сондай-ақ міндетті сақтандыру өнімдері қажет. Қазақстандағы нарықтың өлеуеті зор, оны тиімді пайдалануға тиіспіз, – деді «Freedom Insurgance» басқарма төрағасы Азамат Керімбаев. Елімізде өмірді сақтандыру нарығы қарқынды өсіп келеді, бірақ оның өлеуеті толық ашылмаған. Халықтың қаржылық сауаттыру арттыру, цифрландыру арқылы қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз ету және компанияларға деген сенімді нығайту сектордың дамуына мүмкіндік береді. Ал жаңа заңның енгізілуі осы процеске қосымша серпін сыйлауы мүмкін.

**Мөлдір СНАДИН, kaz.inform.kz**

# МЫҢ АЙДАН ДА ҚАДІРЛІ АЙ

**АСА РАҚЫМДЫ, ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМДІ АЛЛАНЫҢ АТЫМЕН БАСТАЙМЫН. РАМАЗАН – БЕРЕКЕ АЙЫ. АЛ БЕРКЕНІҢ БІРДЕН БІР НЫШАНЫ ЖАМАҒАТ. БАСҚА КЕЗДЕ ЖИНАЛМАҒАН ЖАМАҒАТ АУЫЗ АШАР МЕН ТАРАУИХ НАМАЗЫ УАҚЫТЫНДА МЫНА ДҮНИЕ МЕН АҚЫРЕТ ҮШІН ПАЙДА ӨКЕЛЕТІН САУАПТЫ ІСКЕ ЖИНАЛАДЫ.**



Рамазан мың айдан қадірлі болуы бұл айда Қасиетті Құран түскен ай болып есептеледі. **Алла Тағала қасиетті Құранда:** «Рамазан айы сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол нұсқаушы және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді», – деген («Бақара» сүресі, 185-аят). Рамазан — бастапқы он күні Алла Тағаланың рахметі, кейінгі он күні Хақ Тағаланың кешірімі, соңғы он күні тозақтан азат болу айы. Бірінші он күндігінде, яғни рамазанның бірінші он күндігінде Алла Тағаланың нығметтері молая түседі. Алла Тағаланың бұл рахметі барша мұсылмандарға нәсіп болады. Ал шүкіршілік еткен пенделер үшін рахмет молая түседі. Бұл мәселеге қатысты Алла Тағала: «Егер шүкіршілік етсеңдер, бергеннің үстіне беремін» - деген. (Ибраһим сүресі, 7-аят). Рамазанның бір бөлігі өткеннен кейін, оның сыйы мен құрметі кешіріммен басталады. Рамазан айында жақсылық есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады, әрі шайтандар кісенделеді. Имам Ахмад және Имам Әл-Базар Әбу Hurayradан жеткен хадисінде: Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай дейді, «Рамазан айында менің үмбетіме ілгеріде ешбір үмбетке берілмеген бес ерекшелік берілді, Алла Тағала үшін ораза ұстаушының ауызының иісі мисктің иісінен артық. Періштелер ауыз ашатын уақыт болуға дейін ораза ұстағандардың күнәларын кешірілуін тілейді. Алла Тағала күнге жәннатты өшекейлеп: «Көп ұзамай менің ізгі пенделерім дүние машақатынан босап саған келеді», - дейді. Ерекше бүлікші шайтандар Рамазаннан тыс уақытта жаман қылықтарын істегендей істей алмауы үшін Рамазан айында кісенделеді. Осы себепті Рамазан айын – «Құран айы» деп атаймыз. Мың айдан қайырлы Рамазан айында, Қадір түні бар, Қадір түнін қадір тұт қадір түні – бүкіл адамзатқа Құран түсе бастаған ерекше қасиетті түн. Араб тіліндегі «қадір» сөзі «мән-маңыз» және «өлшем» деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, бұл сөз «құдірет» мағынасын да қамтиды. Қадір түнінің қасиетін жұмыр басты пенде өз ақылымен біле алмайды. Сондықтан оның қадір - қасиетін Жаратушымыздың өзі «Қадір» сүресінде: «біз оны (Құранды) Қадір түні түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? (Аллаһ тағала білдірмесе)

қайдан білесің? Қадір түні мың айдан да артық. Ол түні аллаһтың рұқсатымен кез-келген іс үшін рух пен періштелер түседі (әсіресе ол түнді ғибадатпен өткізгендер үшін) таң атқанға дейін Алланың рақымы мен есендігі жауады», - деп баяндайды. Қадір сүресі, (1-5 аяты) «Кімде-кім сауабын тек қана Алладан күтіп, ықыласпен сол түнді ғибадат жасаумен өткізе, күнәлары кешіріледі» деген. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Алла Қадір түнін үмбетіме сый ретінде тарту етті, бұл бұрынғы үмбеттерге берілмеген» деп, бұл сыйдың қадірін білуге шақырады. Тағы бір хадисінде: «Кімде-кім сауабын тек қана Алладан күтіп, ықыласпен сол түнді ғибадат жасаумен өткізе, күнәлары кешіріледі», – дейді. Сондықтан мүмкіндігінше әрбір пенде Қадір түнінде берілетін сыйдан мақұрым қалмауға тырысу керек. Ол түнді бос өткізбей дәрет алып, екі бас болса да намаз оқып, Алла Тағаланың шексіз мейірімінен шын жүректен сұрап, дұға еткен жөн. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Басқа уақыттарда әрбір жақсылықтың сауабы он есе болса, Ережелі айында жүзден асады. Шағбанда үш жүзден асып, Рамазанда мың есеге артады, жұма түндері мың еседен асып, Қадір түнінде отыз мыңға дейін жетеді», – деген. Тағы бір хадисте: «Рамазан айы бойынша ақшам және таң намазын жамағатпен оқыған адам Қадір түнінен көп нәсібе алады», – деген. Қадір түні Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбетіне деген терең сүйіспеншілігінен туындаған дұғасының құрметі үшін қабыл болған. Имам Мәліктің «Муатта» атты еңбегінде риуаят еткен бір хадисте Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сол сәт: «Ұзақ өмір сүрген осы үмбеттер жасай алмайтындай амалдарды менің үмбетіме аз уақытта жасай алуды нәсіп ете гөр» деп дұға жасағанда, Аллаһ Тағаланың мың айдан қайырлы осы Қадір түнін нәсіп еткендігі баяндалған. (Қадір түні мың айға тең деп Құранда айтылған бұл сан есеп бойынша 83 жыл, 4 айға тең келуде). Бірде Айна анамыз Пайғамбарымыздан (сал-

лаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Уа, Аллаһтың елшісі! Егер Қадір түніне жетсем қандай дұға оқимын?»,- деп сұрағанда, Ол: «Аллаһумма, иннәкә афуун, тұхиббул афуа, фаафу анни» (Уа, Аллаһ! Сен тым кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің, мені де кешіре гөр!) деп дұға ету керектігін үйреткен. Қияметте Аллаһ Тағала хикметімен емес, құдіретімен амал етеді. Сол сияқты Қадір түнінде де Аллаһ Тағаланың құдіреті үстем болады. Ол түннің қадірін білгендерге Аллаһтың мейірімі мен берекесі жауады, ал одан қалмау адамның рухани сергектігіне байланысты. Рамазан айында Қадір түнінің қай түн екені белгісіз. Сонымен қатар Пайғамбарымыз (Саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) бұл түннің Рамазанның соңғы он не жеті күніндегі (21,23,25,27) тақ түндердің бірінде екенін айтқан. Алайда ислам ғұламаларының көпшілігі оның 27 түні екендігін мақұлдаған, әрі бүкіл мұсылман әлемі бұны осылайша қабылдаған. Әрине бүкіл жұртшылық осылай сеніп, осылай қабыл еткен болса, Аллаһ тағала да милләндаған құлдарының ниетін қабыл етіп, ол түнді шын мәнісіндегі қадір түні етер, иншаллаһ! Арабшадағы «Қадір» сөзі қадірін білу деген мағынаны да қамтиды. Олай болса, қадірім артсын десеңіз, сол түннің қадірін біліңіз. Ол түні таң ағарып атқанға дейін Аллаһ Тағаланың мейірімі тегіліп тұрады. Пітір садақасы – адам болып жаратылғанымыз. Қорыта айтқанда, Рамазан – жай ғана белгілі бір уақыт аралығында ішіп-жеуден тыйылу маусымы емес. Бұл – адамның рухын шыңдап, нәпсісін тізгіндейтін, пендені кемелдікке жетелейтін тәрбие мектебі. Бұл айдағы басты мақсатымыз – жүрегімізді гапылдықтан оятау, бойымызға көркем мінез дарыту және Раббымызбен болған байланысты шынайы ықыласпен бекемдеу болуы тиіс. Егер біз Рамазан айынан рухани жаңарған, мейірімді, сабырлы, әрі тақпа қалпымызда шыға алсақ, онда қасиетті айдың бізге берген жемісі мен жеңісі осы болмақ. Алла Тағала алда келе жатқан қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізіп, ұстайтын оразамызды, жасайтын құлшылықтарымыз бен қайырымды істерімізді қабыл етпей! Елімізге тыныштық, отбасымызға береке беріп, айдан аман, жылдан есен өтуді баршамызға нәсіп етсін! Әумин!

**Бақжарық ҚЫЗЫРҰЛЫ,**  
**Ойыл аудандық мешіттің бас имамы.**

# ОРМАН ӨРТІН БОЛДЫРМАУ – ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ!

Орман – таза ауа мен тіршіліктің қайнары. Алайда жыл сайын адам әрекеті мен табиғат факторлары әсерінен орман өрттері көбейіп, мыңдаған гектар аумақты жояды. Өрттің басты себептері – далада от жағу, темекіні абайсыз тастау, шөптердің құрғауы және найзағай. Табиғи апаттар мен адамдардың салғырттығы орманға үлкен қауіп төндіреді. 2025 жылы Қазақстанда орман өртінен 10 000 гектар орман жойылды. Бұл – болашақ ұрпақ үшін үлкен қауіп.

**ӨРТТІҢ БАСТЫ СЕБЕПТЕРІ:**  
•Адам факторы: далада от жағу, темекі тұтқасын абайсыз тастау.

•Табиғи себептер: найзағай, қатты жел, құрғақ ауа райы.  
•Экологиялық жағдай: шөптің көптігі, күтімнің жоқтығы. Ақтөбе облысында жергілікті еріктілер орман өртін дер кезінде тоқтатып, 200 гектар орманды құтқарып қалды. Бір адамның сақтық әрекеті – жүздеген гектар орманды алып қалуға жеткілікті. Орман өртінен қорғау қарапайым, бірақ тиімді шаралармен басталады: ашық отты бақылау, темекіні қауіпсіз тастау, өрттің алғашқы белгілері байқалғанда тез хабарлау. Сонымен қатар жергілікті билік пен еріктілердің жүйелі жұмысы да маңызды. Табиғатты сақтау әр адамның

борышы. Бір адамның сақтық әрекеті жүздеген гектар аумақты құтқара алады. Орманды қорғау – болашағымызды қорғау. Жыл сайын орман өрттері мыңдаған гектарды жалмап, табиғатқа, жануарлар мен адамдарға үлкен зиян келтіреді. Орман – таза ауа мен тіршіліктің қайнары. Сондықтан оны қорғау – әрқайсымыздың борышымыз. Орман – өрттің бастауы. Табиғатты қорғау – болашағымызды қорғау. Сақтық - өмір келілі! Орманды бірге сақтайық!

**Ербол РЗИН,**  
**Орман өрт сөндіру станциясының басшысы.**

## КОНКУРС

**«ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» ММ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ «БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ» ОРТАЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ БАСШЫСЫНЫҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ!**

**1. Лауазымдық міндеттері:**  
-Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының (бұдан әрі – Орталық) өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды;  
- шешім қабылдайды, Орталық мүлкінің сақталуын және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;  
- Орталық қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды;  
- барлық құрылымдық бөлімшелерінің жұмысын және тиімді өзара іс-қимылын ұйымдастырады, олардың қызметін мемлекеттік отбасылық саясат саласын дамытуға және жетілдіруге бағыттайды;  
- Орталықты білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану және дамыту, жұмыскерлердің біліктілігін жүйелі түрде арттыру, оңтайлы еңбек жағдайларын жасау, еңбек заңнамасының еңбек тәртібінің талаптарын сақтау жөнін шаралар қабылдайды;  
- жұмыскерлердің еңбек уәж-демесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді;  
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады;  
- барлық жұмыскерлер үшін міндетті өкімдер, бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;  
- жоғары тұрған орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа жұмыскерлерді қабылдауды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады, көтермелеу шараларын қолданады және қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданады;  
- құрылымдық бөлімшілер орынбасарларының, басшыларының және қызметкерлерінің міндеттерін бөледі;  
- Орталықтың жұмыс жоспарларын бекітеді, олардың орындалуын ұйымдастырады және бақылайды;  
- жоғары тұрған органға жоспарлы есепті құжаттаманы дайындауды және ұсынуы ұйымдастырады;  
- ол болмаған кезеңде өз өкілеттігін орынбасарларының біріне жүктеу туралы бұйрықтар шығарады;  
- заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;  
- қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттыру тәртібі мен жоспарларын бекітеді;  
- шарттар жасасады, сенім-

хаттар береді;  
- сотта, мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Орталықтың мүліктік және өзге де мүдделерін білдіреді;  
- жұмыстың ұтымды нысандары мен әдістерін практикаға енгізу, Орталықтың материалдық-техникалық базасын дамыту жөнінде шаралар қабылдайды.  
Санаты: А1-3;  
**Лауазымдық жалақысы:**  
жұмыс еткірген жылдарына байланысты:  
250 000 теңгеден 300 000 теңгеге дейін.  
1.Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:  
1) гуманитарлық ғылымдар немесе әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес не құқық (құқықтану, халықаралық құқық) немесе білім немесе журналистика және ақпарат мамандықтары бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім;  
2) жұмыс өтілі:  
- қалалық аудандық орталықтар үшін-аталған санаттағы нақты лауазымның функционалды бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі кемінде 4 (төрт) жыл, оның ішінде басшы лауазымдарында кемінде 2 (екі) жыл.  
**Біліу тиіс:**  
- ҚР Әлеуметтік кодексі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс;  
- Қазақстан Республикасының Конституциясын (бұдан әрі - Конституция);  
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі - Бюджет кодексі);  
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі (бұдан әрі - Еңбек кодексі)  
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (бұдан әрі - Азаматтық кодекс);  
-Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (бұдан әрі - Әлеуметтік кодекс);  
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі - АППК);  
- «Мемлекеттік құпиялар туралы», «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы», «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», Қазақстан Республикасының заңдарын;  
- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республи-

касы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысын (бұдан әрі - Үкіметтің №1193 қаулысы);  
-ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу әдістерін;  
-еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін;  
-ішкі еңбек күн тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, санитариялық қағидаларды білу қажет.  
1.Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:  
1) конкурсқа қатысу туралы өтініші;  
2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;  
3) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;  
4) лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері.  
5) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;  
6) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің детін атқарушысының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ175/20 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелінген) бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.  
Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.) бере алады.  
Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде жүргізіледі.  
**Құжаттар қолма-қол немесе почта арқылы:**  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Шернияз көшесі, №49 мекенжайы бойынша қабылданады (Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі).  
**Толық ақпаратты +7 (71332) 2-19-42 телефоны бойынша алуға болады.**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

**Ойыл**

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров  
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат  
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабиспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1401 дана. Тапсырыс 272 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

ЖАҢАДАН ТАҒАЙЫНДАЛҒАН СУДЬЯ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНЫҢ ӨКІМШІЛІК ІСТЕР СОТ АЛҚАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ ЛӨЗЗАТ БИСЕНОВА ОЙЫЛ АУДАНЫНДА БОЛЫП, АУДАН АКТИВІМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесу барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ойыл аудандық сотының судьясы қызметіне жаңадан тағайындалған Гүлжахан Әбиеваны таныстырды. Сонымен қатар, Ойыл аудандық сотының төрағасы Сәуле Танимоваға «Судьялар одағының құрметті мүшесі» Құрмет белгісімен табыстады. Жиын

барысында аудан әкімі Асқар Қазыбаев жаңадан тағайындалған судьяға жауапты қызметінде сәттілік тілеп, әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ету жолындағы жұмысына табыс тіледі. Сонымен бірге, аудан тұрғындарының құқықтарын қорғау бағытындағы қызметіне жоғары жетістіктер мен абырой тіледі.

ӘКІМ ЖАЙНАГҮЛГЕ АРНАЙЫ СЫҢ ҰСЫНДЫ



Жалпы халықаралық сипат алған мерекеде нәзік жандылардың бәрі де назардан тыс қалған жоқ. Бұл жолы аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев пен аудандық мүгедектер қоғамының төрағасы Тыныштыбай Шалабаевтар Ойыл селосының тұрғыны, бірінші топтағы

мүгедек Жайнагүл Мағауияноваға арнайы барды. Жайнагүл мен анасының хал-жағдайын сұрап, ұсыныстарын тыңдады. Кездесу соңында мерекелік тілегін жолдаған әкім арнайы сыйлықтар ұсынды. Мұндай құрметке ризашылығын білдірген Жайнагүл аудан басшысына алғысын айтты.

АЛЛАҚУДА АРУЛАР!

АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙ МЕКЕМЕ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРІ АРАСЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН АУЫСПАЛЫ «ОЙЫЛ КУБОГ» ҮШІН АУДАНДЫҚ БІРІНШІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП, ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ.



Дәстүрлі спорттық шараға спорт ардагерлері Айнагүл Жаймағанбетова, Сәуле Құрманқұлова, Марат Арыстанов, Мінсізбай Жайлыбаев, аудандық аурухананың бас дәрігері Алматы Байдұллаев, аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлеймен, аудан әкімі Асқар Қазыбаевтар қатысып, спортшы аруларды мерекемен құттықтап, жарысқа сәттілік тіледі.

«Үздік қорғаушы» – Айболған Нұрғалиева (Саралжын орта мектебі); «Үздік байланыстырушы» – Гүлжазира Садақбаева (Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі); «Үздік ойыншы» – Ажар Тайбасова (Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы).

Аудан біріншілігіне барлығы 11 команда қатысып, өзара тартысты ойын өрнегін көрсетті. Өсіресе финалдық кездесулер көрермендердің ерекше ықыласына бөленіп, жарыстың тартымдылығын арттырды. Қатысушылар жоғары дайындық деңгейін көрсетіп, командалық ойынның шебер үлгісін паш етті. Жарыс барысында бірқатар ойыншылар ерекше шеберлігімен көзге түсіп, арнайы аталымдармен марапатталды.

Жарыс қорытындысы бойынша Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің арулары жеңіс тұғырынан көрінсе, Ә. Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің қыздары күміс жүлдеге ие болды. Жарыстың қола жүлдесі Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының қыздарына бұйырды. Жеңімпаз команда ауыспалы «Ойыл кубогінің» иегері атанды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер мадақтама қағаздарымен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

АРХИВ – ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ – ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢДЕРІНЕ, ТАРИХ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ДЕРЕКТІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ, СОНДАЙ-АҚ БЕЛГІЛІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТІ ҚҰЖАТТАРДЫ ЖИНАҚТАП ОТЫРҒАН ШИРЕК ҒАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ БАР ШЕЖІРЕЛІ МЕКЕМЕ.

Өткен тарихты болашақпен байланыстырушы, тарих жөдігерлерін сақтап, тарихтың құжаттық қазынасын, халықтың өткен тарихын, ата-баба аманатын болашақ ұрпаққа жеткізетін мемлекеттік мекеме архивтің құндылығы күн сайын артып келеді. Архивте сақталған әрбір құжатта маңызды мәлімет, тарих ақпаңдарын ашатын ақиқат бар. Бұл мекеменің әр сәресінде тарихтың қойнауына кеткен ғасырдың, әр жылдың, әр күннің дәлелі болатын құнды дерек, ащы шындық, еліміздің болашағын айқындайтын бағыт-бағдар бар.



Өскекең ұрпаққа халқымыздың басты қазынасы – Тәуелсіз елімізді, жарқын болашақты мұраға тарту және аманат ету үшін ел тарихын нақтылайтын құжаттық негізінің маңызы зор. «Құжатсыз тарих жоқ, Тарихсыз мемлекет, ұлт жоқ» - деген академик Евгений Викторович Тарленің қанатты сөздері қазіргі таңда да архив ісінің ерекше маңыздылығын көрсетеді.

және спорт салаларының құжаттары мен мемлекеттік басқару органдарының құжаттары. Ойыл ауданының мемлекеттік архиві қорын толықтыру көздерін 38 ұйым мен мекемелер құрайды, оларға іс-жүргізу және архивтік сақтау мәселелері бойынша тұрақты негізде едістемелік-тәжірибелік көмек көрсетіледі.

Ата - бабаларымыздың тарихын ғана емес, олардың арман-тілегін, ақыл-ойын, даналығы мен даралығын, парасаты мен үлгі-өнеге есиеттерін сақтап отыратын киелі орын. Олар халықтың құжаттық жа-

дың парақтап жинақтап, өскелең ұрпақ үшін сақтайды. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша ағымдағы жылдың 1 наурызына «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру» бойынша жеке және заңды тұлғалардан 76 өтініш түсіп, оның 63-сі қанағаттандырылып, 13-і түсіндірілді.

Архив ісі – архив қорының құжаттарын жинақтау, ретке келтіру, тұрақты сақтау, мемлекеттік есепке алу мен пайдалану құқығы берілген мемлекеттік мекеме екендігі баршаныңға белгілі.

Архив – тарихи шежіре қоймасы ғана емес, әрбір ұлт тарихының қазынасы. Және құжаттық жөдігерлерді, халық тарихының аманатын сақтаушы. Ата - бабаларымыздың тарихын ғана емес, олардың арман-тілегін, ақыл-ойын, даналығы мен даралығын, парасаты мен үлгі-өнеге есиеттерін сақтап отыратын киелі орын. Олар халықтың құжаттық жа-

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру және «Құжаттардың цифрлық электрондық архиві» ақпараттық жүйесін енгізу шеңберінде Ойыл ауданының мемлекеттік архив қорына цифрлық форматқа көшіру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бүгінгі таңда сканерленген құжаттар көлемі яғни сандық форматқа көшірілген 9194 іс болса, оның ішінде 4773 іс

құжаттардың бірыңғай электрондық архивіне (Е-архив) енгізілді. Бұл архивтік құжаттардың электрондық көшірмелерін жасақтауға алдағы мерзімде құжаттардың ұзақ мерзімді және қауіпсіз сақтауға, архивтік құжаттармен нәтижелі жұмыс жасауға және жедел қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылай жылдар тізбегінде архив қызметкерлерінің әртүрлі буын өкілдері тер төгіп жұмыс жасауының арқасында архивтік құжаттар жинақталып, архив қорлары ауданымызға қатысты тың мәліметтермен толығуда. Архив ұжымы ұрпаққа рухани мұра қалдыру жолында қажырлы еңбектене бермекпіз!

М.АЙДАРБАЕВ, «Ойыл аудандық мемлекеттік архивінің» меңгерушісі.

ТҰҒЫШ ҰЛТТЫҚ МЕРЗІМДІ ҒАСЫЛЫМ.

АСТРАХАНДА ШЫҒҚАН «ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ 115 ЖЫЛ ТОЛДЫ 10 НАУРЫЗ КҮНІ ҚАЗАҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ БІРІ – «ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАРЫҚ КӨРГЕНІНЕ 115 ЖЫЛ ТОЛДЫ. ГАЗЕТТІҢ АЛҒАШҚЫ САНЫ 1911 ЖЫЛҒЫ 10 НАУРЫЗДА АСТРАХАН ҚАЛАСЫНДА ЖАРЫҚ КӨРГЕН.

Сол жылы редакция Орал қаласына көшірілді. Алғашқы кезеңде газеттің барлығы 18 саны шықты. Газеттің алғашқы редакторы – Елеусін Бұйрын болды. Газет ісіне сонымен қатар қазақ ағартушылары Ғұмар Қараш, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Ахмет Мамытұлы сынды тұлғалар үлес қосқан.

Газеттің баспаханасынан шағын кітапшалар, ұнпарақтар мен өлеңдер жинақтары да шыққан. Мысалы, 1912 жылы Елеусін Бұйрын редакторлығымен «Ызың» атты кітапшасы жарық көрген. Газет қаржы тапшылығына байланысты кейде көшігіп шықты. Сол себепті редакторлар Баку қаласына барып, Әзербайжан мұнай кәсіпкері Зейнеп-Ғабиден Тагиевтен көмек сұраған.

«Қазақстан» газеті – қазақ топырағында шыққан тұңғыш ұлттық мерзімді басылым. Сол заманда газетті шығару оңай болмаған. Елеусін Бұйраұлы патша үкіметінің қыспағына қарамастан, ұлт мүддесін қорғап, демократиялық бағыттағы газет жүргізді. Газеттің аты – «Қазақстан» деп аталуымен де тарихи мәнге ие: патшалық Ресей қазақ даласын «Қырғыз өлкесі» деп атап, жерді күшпен иемденуді заңдастырғысы келген еді. Газет редакторы бұл империялық саясатқа қарсы шыққан. Басылым қазақ азаматтарының қаржысы арқылы шықты. Елеусін Бұйраұлы, Бақытжан Қаратаев, Шәңгірей Бөкейұлы, Ғұмар Қараш, Сейітқали Мендешұлы, Мәжит Шомбалұлы, Ғабдолғазиз Мұсағалиұлы сынды ұлт зиялылары мұғалімдер, дәрігерлер және басқа қызметкерлердің көмегімен қаржы жинап, 1910

жылы Баку немесе Астрахань қаласынан баспахана құрал-жабдықтарын сатып алған. Алғашқы сандар шыққан соң редакция Оралға көшіп, газет сол жерден жарық көрген. Газеттің баспаханасынан шағын кітапшалар, ұнпарақтар мен өлеңдер жинақтары да шыққан. Мысалы, 1912 жылы Елеусін Бұйрын редакторлығымен «Ызың» атты кітапшасы жарық көрген. Газет қаржы тапшылығына байланысты кейде көшігіп шықты. Сол себепті редакторлар Баку қаласына барып, Әзербайжан мұнай кәсіпкері Зейнеп-Ғабиден Тагиевтен көмек сұраған. Ғұмар Қараш кейін «Баку» мақаласында: «Ақ ниетіміз құрметіне Алла тілегімізді аңғарып, барған хатымызды хош алды, «Қазақстанға» мың сом жәрдем берді. Амандасып айырылысар кезде «Қазақ баласына менің сөлемім – дәулет менікі емес, милаттікі» деді», – деп жазған. Осындай қажырлы еңбектің арқасында «Қазақстан» газеті қазақ халқының мәдениеті мен ұлттық санасының қалыптасуына үлкен үлес қосты.

СУМЕН ТАРАЛАТЫН ҚАНДАЙ ЖҰҚПАЛЫ ИНФЕКЦИЯЛАР БАР?



Күннің күрт жылынуынан қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдердегі су деңгейінің көтерілуі су тасқынына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты су жолымен қандай жұқпалы және жұқпалы емес аурулар беріледі деген сұрақ көпшілікті мазалайтыны рас. Су тасқыны кезінде жұқпалы ауруларды тудыратын қолжасыз эпидемиологиялық жағдайлар дамуы мүмкін.

Күннің күрт жылынуынан қардың еруі, жауын-шашын, суды желмен айдаған және кептелу кезінде өзендердегі, көлдердегі су деңгейінің көтерілуі су тасқынына алып келуі мүмкін. Осыған байланысты су жолымен қандай жұқпалы және жұқпалы емес аурулар беріледі деген сұрақ көпшілікті мазалайтыны рас. Су тасқыны кезінде жұқпалы ауруларды тудыратын қолжасыз эпидемиологиялық жағдайлар дамуы мүмкін.

Су жолымен: гепатиттер, тырсық, іш сүзегі, паратифтер, дизентерия, лептоспироз, туляремия (ауыз судың кеміргіштердің бөлінділерімен ластануы), құрттар, бруцеллез, сальмонеллез беріледі. Су арқылы берілетін вирустық аурулардың ішінде ішек вирустарының тобы, соның ішінде энтеровирустар, А гепатиті және басқалары жиі кездеседі. Өзендерден, ұсақ көлдерден су тасып, жанбыр суларымен араласқан кезде еріген су түзіліп, бұл құдықтар мен лас қалдықтар үшін қазылған шұңқырлар, шаруашылық аулалар, дәретханалардағы сулардың жаппай ластануына әкеліп соғады.

Желді инфекциялық ауру белгілері: дене қызуының көтерілуі, құсу, іштің өтуі және т.б. пайда болған жағдайда дереу жергілікті медициналық ұйымнан медициналық көмекке жүгініңіз! Гигиеналық ережелерді сақтау, Сізді көптеген аурулардан қорғайды!

Су тасқынының тағы бір проблемасы - кеміргіштер, көптеген аурулардың қоздырғыштары. Олар тұрғын үйлер мен ғимараттарға еніп, адамның жұқпалы және паразит-

Ф. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

